

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЗДЕРДІҢ СӨЗ ТАПТАРЫНА ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

ҚАЛМЫРЗАЕВА Нұржамал Бекполат қызы

Әжінияз атындағы НМПИ-ның студенті

Аннотация: Бұл мақалада қазақ тіліндегі сөздердің сөз таптарына топтастырылу мәселелері қарастырылған.

Annotation: This article discusses the problems of grouping words in the kazakh language into word classes.

Кілт сөздер: классификация,грамматик ерекшеліктер,сөздердің лексикалық табиғаты.

Keywords:classification,grammer exceptions,lexical nature of words.

Тілдің ғасырлар бойындағы тарихи дамуы барысында оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы өзгеріссіз қала алмайды.Сөздердің лексикалық табиғатында да, грамматикалық табиғатында да алуан түрлі өзгерістер болады,олар қолданылу ыңғайына,атқаратын қызметіне қарай са-ралаанады,топтасады. Тіл білімінде сөз таптарының табиғаты жайында әр түрлі көзқарастар мен байымдаулар бар.Олардың бірі бойынша,сөз тап-тары сөздердің лексика-грамматикалық категориялары болып саналса,екіншілері бойынша,сөз татары сөздердің формалды-грамматикалық кате-гориялары,үшіншілер бойынша, сөздердің таза грамматикалық топтары болып саналады.Тілдің байлығы-сөздер алуан түрлі,олар тек мағынасы жа-ғынан ғана емес,грамматикалық құрамы,атқаратын қызметі жағынан да түрлі-түрлі.Тілдегі сөздердің бұл ерекшелігін ғалымдар ерте байқаған.Со-нымен байланысты топтастыру мәселесі туындаған. Тілдегі сөздерді топтастыру мәселесі тіл білімі ғылымында алғашқы грамаатикалрдан басталған.Аристотельдің сөздерді есім және етістік деп бөлінгені белгілі.Содан бері ғылым дамып,әр тілдің грамматикаларында сөздердің топтары нақтыланып,барған сайын анықталып

келеді. Бір тілдің өзінде сөздер әр заманда түрліше топтастырылып отырғаны белгілі. Мәселен, 1914 жылы баспадан шыққан. Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл құрал» атты оқулығында сөздерді алдымен атауыш сөздер, шылау сөздер деп екі үлкен топқа бөлінген. Атауыш сөздерге: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік деген бессөз табын жатқызған. Ал, шылау сөздерге үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөздерді жатқызған. Бұл қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулық екені белгілі. Ахмет Байтұрсынов «Тіл құралдың» 1915 жылғы басылымында сөз таптары туралы пікіріне біраз өзгерістер енгізген. Оқулықтың бұл басылымында ғылым сөздерді бұрынғы басылымдағыдай екі үлкен топқа бөлмеген. Сөздерді 9 топқа бөлген: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулықтар, одағай.

Сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық категориялары деп Қарайтындар сөздер өзіне тән белгілері, атап айтқанда, семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бойынша топталып, тиісінше белгілі бір сөз табына телінеді. А.А. Шахматовтың пікірі бойынша, әрбір сөз табының мағынасы сөздің негізгі лексикалық мағынасы мен оған қосымша грамматикалық ұғымдардың, грамматикалық категориялардың жиынтығынан құралады. Сөз таптары сөздердің белгілі жүйе негізінде қалыптасқан грамматикалық топтары болып табылады. Сондықтан сөз таптары мен сөздерді түрге бөлуге ол сөздердің грамматикалық сипаттары мен белгілері негіз болады.

Сөздерді сөз таптарына бөліп қарау әр сөзге байланысты, әртүрлі белгілер арқылы айқындалмай, сөз таптарына қатысты тұрақты белгілерінің негізінде, жүйелі принциптер негізінде айқындалуы керек. Ол принциптер сөздердің грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс. Сөздердің грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына жіктеуде, топтастыруда ұстанатын басты принцип-семантикалық принцип. Екіншіден, осындай грамматикалық топтарға белілі-

белгілі өзіндік түрлену жүйесі, өзгеру, тұлғалық парадигмасы немесе бұған қарама-қайшы түрленбеу, тұлғалық өзгеріске түспеу тән болып келеді. Қ.Жұбановтың морфология саласы бойынша жазған ғылыми отужырымдарының сүбелі бөлігі сөз таптарына арналған. Қорыта айтқанда, сөз таптары жөніндегі мәселені бағдарлау әр тілдік құрылымның теориялық та, практикалық та мәселелерін терең зерттеу, жете білу үшін керек. Мысалы, бастауыш, орта, жоғары мектептерде тілді оқытудың негізгі түйіндері, сайып келгенде, сөз таптарына, солардың айналасына шоғырланады. Сондай-ақ, тілдің грамматикалық құрылысына байланысты көптеген мәселелерді алсақ, оларды сөз таптарына байланыстырмай зерттеу де, шешу де мүмкін емес. Солай болса, сөз таптары жайындағы мәселелер тілдің грамматикалық құрылысының, сөздің грамматикалық құрылымының әрі кіндік қазығы, әрі негізгі арқауы сияқты мәселелер. Сөздерді сөз таптарына топтастыруда негізгі ұстанымдардың бірі болып сөздерді синтаксистік қызметі саналады. Морфологияның сөздерді түрлендіру жүйесінің қызметі, мақсаты-сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстыру болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері». - Алматы, 2011 жыл
2. Маманов Ы. «Қазақ тілінің мәселелері», - Алматы: Арыс, 2007 жыл
3. Аханов Қ. «Грамматика-теориясының негіздері». - Алматы: Өлке 2010